

## Екібастұз қаласы Ақкөл ауылдық округінің Ақкөл ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Ақкөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 1-08/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 тамызда № 6883 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Ақкөл ауылдық округі Ақкөл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ақкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласы Ақкөл ауылдық округінің Ақкөл ауылындағы келесі көшелер:  
"Строительная" көшесі "Бөгенбай батыр" көшесі;  
"Школьная" көшесі "Мектеп" көшесі;  
"Кеңес" көшесі "Жандарбек ата" көшесі;  
"Ленин" көшесі "Мейрам Асылғазин" көшесі;  
"Целинная" көшесі "Естай ақын" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл ауылдық округінің әкімі*

*Б. Ахтаев*